


Ақмола облысы
Зеренді ауданы
Елікті ауылының
ЖОББМ КММ-нің жанындағы
«Арман» шағын орталығы



**«Арман» шағын орталығының
2024-2025 оқу жылының 1-ші жарты жылдық
қорытынды сараптамасы**

2024-2025 оқу жылы

Осы кезеңге қойылған мақсаттар мен міндеттер

Шағын орталығы 2024–2025 оқу жылғы жылдық жұмыс жоспарына сәйкес негізгі жылдық міндеттерге сүйене отырып жұмыстар жасайды.

Жыл бойы күн тәртібі және балалардың шағын орталыққа қойылатын барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталынды. Жоспарға сәйкес әр баланың және жалпы топтың дамуының оң қарқынын растаған тәрбиеленушілерге медициналық, педагогикалық тексеру жүргізілді. Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау ережелері бойынша нұсқаулықтар; лауазымдық нұсқаулықтар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, педагогтардың әдістемелік бірлестігі, басқарушы Кеңес, Бір тұтас тәрбие, ата-аналар жиналысы туралы ережелер, консультативтік пункт жұмысы туралы ереже, Білім беру қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі туралы ереже және басқа да нормативтік-құқықтық актілер, балабақшадағы тәрбие мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес, баланы дамытудың типтік бағдарламасымен және педагогикалық технологиямен үйлеседі.

Келесі міндеттер арқылы іске асырылды:

1. Адами қарым-қатынаста бағдарлай білуді қалыптастыру
2. Басқа халықтарға, олардың дәстүрлеріне деген құрмет сезімін қалыптастыру.
3. Балаларды басқа халықтарға, олардың дәстүрлеріне деген заңды құрметтеу рухында тәрбиелеу. Еліміздің жетістігі үшін жауапкершілік пен мақтаныш сезімін дамыту.
4. Балалардың дене және психикалық денсаулығын сақтау және нығайту жөніндегі жұмысты жалғастыру.
5. Мектепке дейінгі балалардың тікелей білім беру қызметінде және кешенді тәсіл негізінде балалармен жеке жұмыста сөйлеу және коммуникативтік біліктерін дамытуды жалғастыру.
6. Баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-қимыл жасау.
7. Білім беру саласын интеграциялау арқылы мектепке дейінгі балалардың тіршілік қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру.

Жалпы 2024-2025 оқу жылы «Арман» шағын орталығында 2-4 жас аралығындағы 30 бүлдіршін тәрбиеленуде. «Арман» шағын орталығында екі топ жұмыс жасайды.

Ересек «Балдырған» топ тәрбиешілері Рашатхан Г, Камбарова А А, және кіші

«Балапан» топ тәрбиешілері Жунусова К Ж, Балкожинова А К Әр топта 15

бүлдіршіннен тәрбиеленуде. Тәрбиелеу бағдарламасы жас ерекшеліктері мен


танымын ескере отырып орындалады. ата-аналар жиналыс, балалармен мектептен тыс

өткізілетін іс-шаралар өткізіледі. Мектеп бойынша өтетін іс-шараларға және

мерекелік шағын бағдарламаларына балалармен бірге ата-аналарда белсене

қатысады.

Бірінші қыркүйек білім күніне орай «Білімнің бастауы балабақшадан » атты ашық тәрбие сағаты өткізілді. Қазақ тілін кеңейту аясында тілдер мерекесіне орай «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» атты тәрбие сағаты өткізілді. Ұстаздар күніне орай ар ұят құндылығы «Кішіге ізет, үлкенге құрмет » атты тик ток видео түсірілім түсірілді. «Балдырған » ересек топ бүлдіршіндерінің қатысуымен қуыршақ театры «Үйшік» ертегісі желісімен сақаналық қойылым қойды



Кинотеатр еліне саяхат



Бақшамызға арнайы Кокшетау қаласынан келген цирк сайқымазақтар шақырады атты қойылым көрсетті. Қойылымда көңілді сайқымазақтар, Алладин, үйретілген ит, питон, балалармен қызықты ойындар ойнатылды. Балаларға көтеріңкі көңіл сипап жақсы әсер қалдырды.



25 – қазан Республика күніне орай «Менің елім Қазақстан » атты тәрбие сағаты өткізілді.Баларға өз Отанын сүйуге, туған халқының асыл мұрасын қастерлейтін парасатты,ұлтжанды ,бәсекеге қабілетті, өз құқын білетін адамгершілігі мол саналы азамат болуға тәрбиелеу.



Ұлттық тәрбиені дәріптеу мақсатында, балалар мен асық ойыныны ойнатылып, балаларды ойының мақсаты мен ойын түрлерімен таныстырылды.



«Күз жомарт» атты мерекелік іс шара өткізілді. Балаларға күз мезгілінің ерекшелігі туралы түсінік беру. Күз мезгілінің тіршілікте тиер пайдасын, табиғаттың өзгешелігін, қыр-сырын тақпақ, өлең жолдар мен нақыл сөздер арқылы ой-өрісін дамыту. Жыл мезгілінің ішіндегі күз айының алатын орны жөнінде айту. Балаларды табиғатты қорғауға, сүюге, аялауға, қажырлы еңбек етуге тәрбиелеу.



Балалардың көптен асыға күтетін күндері Жаңа жыл «Қош келдің, Жаңа жыл» атты мерекелік ертеңгілік өз деңгейінде өткізілді. Ертеңгілікке екі топтың барлық бүлдіршіндері дерлік белсене қатысты. Әр бала мерекеге сай жаңа жылдық костюмдер киіп, көңілді тақпақтарын айтып, әндерін шырқап, би де биледі. Аяз ата мен Ақшақар балалардың өнерлеріне ризашылығын білдіріп, әр балаға мерекелік сыйлықтарын сыйлады.

